

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің аграрлық бейіндегі мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 шілде N 1017

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын Бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 Р981335_ қаулысын іске асару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің аграрлық бейіндегі мекемелері қосымшаға сәйкес қайта құру жолымен республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар (бұдан әрі - Кәсіпорындар) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорындардың негізгі міндеттері:

1) агроөнеркәсіп кешені салаларында ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге бағытталған іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;

2) ауыл шаруашылығында табиғатты пайдаланудың ұтымды ғылыми негіздерін әзірлеу;

3) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, ұқсатуға және сақтауға арналған ресурс үнемдейтін жаңа технологиялар, машиналар мен жабдықтар жасау;

4) ғылыми жетістіктер мен білімді насихаттау және тарату болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган деп белгіленсін.

4. "Батыс Қазақстан орман шаруашылығы тәжірибе станциясы" мен "Қостанай орман шаруашылығы тәжірибе станциясы" мекемелері таратылсын, тарату рәсімдері жүргізілгеннен кейін қалған мүлкі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институт филиалдарымен" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына берілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі заңда белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 4-тармағында аталған мекемелерге қатысты тарату рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) Кәсіпорындардың жарғысын бекітсін;

3) Кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін екі ай

мерзімде осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар колдансын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 20 шілдедегі
N 1017 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары
білім министрлігінің құрылатын республикалық
мемлекеттік казыналық кәсіпорындарының
тізбесі

- 1 Қазақ ауыл шаруашылық техникасын пайдалану және жөндеу технологиялық ғылыми-зерттеу институты (Ақмола облысы, Алексеевка қаласы)
- 2 Еңбек Қызыл Ту Орденді А.И.Бараев атындағы Қазақ астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Ақмола облысы Шортанды ауданы)
- 3 Қазақстан Республикасы ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы (Алматы қаласы)
- 4 Қазақ мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 5 Қазақ экономика және агроөнеркәсіп кешенін ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 6 Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 7 Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 8 Қазақ мал азығын өндіру және жайылым ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 9 Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 10 Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты (Алматы қаласы)
- 11 Алматы орман тәжірибе станциясы (Алматы қаласы)

12 Республикалық ауыл шаруашылығы ғылыми кітапханасы (Алматы қаласы)

13 Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Жамбыл ауданы)

14 В.Р.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Қарасай ауданы)

15 Қазақ мал шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Қарасай ауданы)

16 Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Қарасай ауданы)

17 Қазақ өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Қарасай ауданы)

18 Қазақ құс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Қарасай ауданы)

19 Қазақ астық және оның өнімдерін өңдеу ғылыми-зерттеу институты (Астана қаласы)

20 Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Атырау қаласы)

21 Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы)

22 Орталық Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Қарағанды облысы, Бұқаржырау ауданы)

23 Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Қызылорда қаласы)

24 Тың ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты (Қостанай қаласы)

25 Қостанай мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясы (Қостанай қаласы)

26 Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Қостанай облысы, Қостанай ауданы)

27 Алтай орман тәжірибе станциясы (Лениногорск қаласы)

28 Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Павлодар облысы, Павлодар ауданы)

29 Солтүстік Қазақстан мал шаруашылығы және мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу институты (Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы)

30 Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институты (Ақмола облысы, Щучинск қаласы)

31 Қазақ сүт және ет өнеркәсібі және конструкторлық ғылыми-зерттеу институты (Семей қаласы)

32 Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Тараз қаласы)

33 Академик К.И.Скрябин атындағы Жамбыл мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясы (Тараз қаласы)

34 Батыс Қазақстан мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясы (Орал қаласы)

35 Қазақ қаракөл қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Шымкент қаласы)

36 Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Шымкент қаласы)

37 Оңтүстік Қазақстан мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясы (Шымкент қаласы)